

Бөлім 1 . Ресей империясының XVIII-XIX ғасырлардағы Орталық Азия халықтарына қатысты саясатын зерттеудегі жаңа ұстанымдар

Әбділдабекова А.М.

Көшпелі халықтарға қатысты ресей саясатын зерттеудегі қазіргі ұстанымдар

Ресей империясының тарихын зерттеудің өзіне тән ерекшеліктер мен қайталантын тұстары бар. Бір жағынан алғанда уақыт өлшемі мен саяси ахуал әсер етсе, екінші жағынан тарих ғылымындағы оқиғаларға қатысты зерттеушілердің көтерген мәселелеріне де байланысты. XX ғасырдағы кеңестік тарихнамада «Ресей империясы» орнына «көп ұлтты Ресей мемлекеті» ұғымы қолданылып келді. Мұндағы ұғым ұлттар теңсіздігін болуын қарастырмады. Ресейдің шалғай өңірлерінің тарихын зерттеуді тиым салатын жазылмаған қағидалар болды. 1991 жылы КСРО-ның ыдырауы жағдайды мүлдем басқа бағытқа өзгертті.

Ресей империясының тарихын қайта қарауда, оның ішінде саяси құрылымының тұжырымдық ұстанымдарын талдауда анықтамалар мен белгілердің енуіне ықпал етті. Зерттеушілер Ресей империясының аралас типке жатады деген тұжырымдармен шектелуге болмайтын түсінді. XVIII ғасырда Ресей империясының құрамындағы Украина, Белоруссия, Еділ жағалауы, Солтүстік Европаны саяси және әскери шараларды жүзеге асыру нәтижесінде енуін талқылады. XVI–XVII ғасырларда осындай қадамдар Сібірге және Орта Азия қатысты қолданылған болатын.

В.С. Ерасовтың пікірі бойынша бұл мемлекет әмбебаптық принциптегі түрлі әлеуметтік және мәдени құрылымдардан тұратын конгломератты біріктірді. Мемлекет оқшауланған аймақтан шығып шығыс пен батысты, солтүстік пен оңтүстіктегі Варшавадан, Владивостокка дейінгі кеңістікті көп жағдайда шаруашылық тұрғыда біріктірді. Империя оның ресми діні мен мәдениетінен әлдеқайда әмбебап болғанын зерттеушілер көрсетеді. В.Е.Ерасов өзінің «Выбор России в евразийском пространстве» атты мақаласында: «Именно степенью универсальности Российская империя отличалась от других подобных ей имперских образований того времени, что делало ее и в самом деле продолжением и подобием первого и второго Римов, придавало ей такой огромный масштаб и длительную устойчивость, несмотря на то, что XIX век все больше обнаруживал ее хозяйственную и военную слабость» - деп көрсетті [1,48-б].

Тарихшылар Т.А. Филиппов және Д.А. Олейников Ресей империясының моделін анықтауда империяның мақсатын емес, құралы немесе түрін

басшылыққа алу қажеттігін былай көрсетеді: «В России возник прецедент: историческое бытие двух разных империй, сменивших друг друга на одном геополитическом пространстве – Россию и СССР. Империя осталась, а государственность сменилась. Не говорит ли это о том, что модель империи возникает явочным порядком, уже потом... Империю – как Империю – «специально» никто не строит, тем более по заранее известному плану. Это сейчас, бросая взгляд назад, мы можем размышлять о закономерностях имперства. И главная такая закономерность – территориальное расширение за счет сильной центральной власти» [2,98 -б]. Авторлардың пайымдауынша империялық кеңістігін кеңейту мүмкіндігін дұрыс пайдалана білу империя құрудағы басты шарт ретінде ұсынылған.

Батыс тарихнамасында Ресей империясының сипаттамасы А.Каппелердің еңбегінде берілген. Ол Ресей империясын суперұлттық мемлекет ретінде, көп этностан тұратын, бірақ империя орыс халықының ұлттық империясы тұрғысында қарастырылмайтына баса назар аударған. Сонымен қатар империя құрамына қосуда әскери шаралар мен қатар, дипломатиялық әдістердің қолданылғанын көрсетеді. Бұл мәселені революцияға дейінгі авторлар өз еңбектерінде қарастырған. Сол тарихи кезеңдегі жағдайға байланысты кейде бейбіт, кейде күштеу әдістері қолданылды[3].

Тағы бір зерттеуші Р.Суни Ресей империясында метрополия институты саяси үстемдікте орталық-периферия қатынасы белгісі болуына тоқталды[4]. Бұл бұл империялық орталықтың отарланған периферияға қатынасында этникалық аспекті сырт қалдыру дегенді білдірмейді. Периферияда көптеген халықтармен қатар, этномәдениеті мен даму жолы өзгеше көшпелілер тұрды. Ресей саясаты орыс шенеуліктердің және жергілікті орыстанған элита өкілдері арқылы жүзеге асты, оның айырмашылығы этностың діни-мәдени ерекшеліктерінде, экономикасы мен табиғи жағдайында болды. Р. Суни Ресей империясындағы билеуші таптың айырықша саяси статусының болуы және оның нақты бір класс өкіліне жатқызылуын басты сипаты ретінде көрсеткен. Метрополия функциясын император отбасы, помещик дворяндар мен бюрократтар атқарды. Осы жағынан алғанда Ресей империясы «орыс» этникалық империясы болған жоқ. Басымыдылықта көпұлтты дворян институты болды. Р. Суни сол кезеңдегі ірі ұлттық мемлекеттердің сыртқы саясатының қаупін ескере отырып империялық элита «ескі тәртіптен» «жаңасына» көшуді қолдады, полиорталықты және дифференциялық саяси жүйеден яғни, аймақтардың құқытық, экономикалық, тіптен кейде саяси құрылымын сақтаған империядан, орталықтан және бюрократтық мемлекет ретінде экономика, тіл, мәдениетке қатысты унификация жүргізуін қатысты пікірді дәйектеді. XIX –XX ғасыр басында Ресей мемлекетінде монархия «ұлттық» нышанда халыққа өзін танытуда жақындай түсті [4, 23-28- бб].

Батыс тарихшылары Ресей империясын сипаттауда тарихи-салыстырмалы әдістерді қолданады. Зерттеушілер С. Беккер (Becker S.), Дж. Хоскинг (Hosking

Г.) Ресей империясын «аймақтық-ауқымды» континенталді империя қатарына қосады. Әрине ол батыс Еуропаның шалғайда орналасқан отары бар империяларға ұқсамағанын атады. Бірақ авторлардың әрқайсысы болсын XVI – XX ғасыр басындағы континенталді империялардың ортақ белгілерінің болуын атап өтеді (Ресей, Иран, Китай). Ал нақты талдауларды түрлі пікірлер туындаған. Дж. Хоскинг Ресейді батыс-европалық империялармен салыстырғанда «азиялық» империя ретінде анықтама берсе [5, 7-11-бб.], С. Беккер болса мұны дәйексіз дейді. Ол Ресей империясын XIX ғасырдағы Англия мен Франциямен салыстыра келіп, ерте және жаңа кезеңдегі Ресейді әлдеқайда қуатты мелекет ретінде бағалайды. Осы тұста Ресей мемлекетіне жаңа аймақтардың қосылуында этникалық топтардың арасындағы мәдени теңсіздіктің туындауына тоқталады. Сонымен қатар метрополия мен периферия арасында түрлі қатынастарға сол тарихи дәуірдің ерекшелігі, ұлтшылдық пен империя халықтарының, орыс ұлтында да болған ұлттық сана-сезімінің ықпалында атап өтеді [6, 336 -б].

Ресей империясына тән құбылыс өзінің шалғай аймақтарын унитарлы мелекеттік айылымас бөлігі ретінде қарауы. Ол үшін аймақтардағы әкімшіліктегі мәселелерді шешу мақсатында арнайы наместниктер мен генерал-губернаторлар институты қалыптасты. Олар периферияны басқарумен қатар, ішкі империялық интеграцияны жүзеге асырды. С. Беккер наместниктер мен генерал-губернаторлар институтының қалыптасуының төмендегі себептерін көрсетеді: 1) өңірлердегі «өзге» саяси институттар мен заңдарды құрметтеу (Финляндия, Прибалтика, Белоруссия, Польша, Малороссия, Бессарабия); 2) ішкі және сыртқы қауіпсіздікті сақтау (Польша, Солтүстік -батыс және Оңтүстік –батыс аймақтар, Оренбор, Кавказ, Түркістан); 3) аз қоныстағы аймақтарды бақылау (Батыс және Шығыс Сібір, Амур, Новороссия, Орынбор, далалық аймақтар); 4) аймақты басқарудағы биліктің толық берілуі (Амур, Түркістан, Орынбор) [6, 339 –б].

Қазіргі заманғы батыс зерттеушілерімен дәстүрлі тарихнамашылар арасында болған талқылаулардан кейін Ресей империясын батыс империялармен салыстыруға болмайтынын айқындап, әсіресе оның даму деңгейін анықтауда өлшем ретінде қараудан бас тартты. Оның басты себебі ретінде Ресейдің өте нашар әлеуметтік ахуалын көрсетті. Дж. Бербанк (Burbank J) и Д. Рэнсела (Ransel D.) бастаған тарихшылар Ресейдің революцияға дейінгі тарихын кең тараған теріс жағынан зерттеуге қарсы болды. Олар Ресейді көпұлтты перифериясы бар және өзіндік өзгешілігі европалық империя ретінде сипаттау қажеттігіне тоқталды [7, 22- б].

Көптеген авторлар жергілікті басқару және құқықтық институттардың сақталуы империя ретінде «артта қалушылық» белгісі деп қарады. Бұл көзқарастар революцияға дейінгі тарихшы және заң саласы авторларының еңбектеріндегі «автономды» жергілікті институттың сақталуын феодалдық артықшылық берілген жергілікті элита болуын алға тартады. XIX ғасырдың соңы– XX ғасыр басындағы орыс либералдары Ресейдің дамуындағы басты

мақсат құқықтық мемлекет құру болғандығын, ел ішіндегі әкімшілік құрылымының унификациясын жасау, 1860-1870 жылдардағы реформаның оның ішінде жергілікті және сот реформасының аймақтарға таралуын жан-жақты дәйектеді.

Дж. Бербанк арнайы баяндамасында жергілікті сот мекемеленің қызметін «империялық өлшем» ретінде қарайды[8, 3 –б]. Көптеген әдебиеттер мен құжаттарды талдай келіп автор Ресейдің империялық басқару құрылымы Москва мемлекетінен бастау алып, империялық біргеілік Ресейдің құқытық жүйесіне бастапқыдан «құрылған» - деп тұжырымдайды. Тағы бір империялық өлешмнің аспектісі Ресейдің құрамындағы халықтардың өзіндік құқығы мен әдеті болуы. Осы әдет және заңдардың сақталуы империя аймақтарындағы тәртіпті сақтаудың құралы болды. Империялық заңның ерекшелігі оның түрлі этникалық, конфессионалды, ұлттық немесе нақты бір аймақта орналасқандардың құқығын реттейтін міндетінің ауқымды болуында еді.

Зерттеуші А. Рибер (Rieber A.) Рсей империясын дәстүрлі типтегі динстиялық мемлекет ретінде орталығында біртекті, аймақтарынды әртекті халықтар орналасқанын атап өткен. Перифериясы балтық, славян және Кавказ, Орта Азия халықтарынан тұрды. Олар орталыққа қауіп төндіретін аймақтар болды. Географиялық жағдай маңызды интеграция мен қауіпсіздік мәселесін шешуді көздеді.[9, 118- б]. Осыған орай саутты ұлттық саясат және тұрақтылықты қаматамасыз етуді жолға қоятын шаралар кажет болды. Ұлттық саясатта тілді білім беру және оқытуға ортақ енгізу маңызды құрал ретінде қолданылды. В. Доулер(Dowler W) империяның шығыс өңірлердегі бастауыш мектептердегі жүргізген тілдік саясатын орыстандыру саясатының басты құралы ретінде қараған[10]. А. Каппелер бұл бағыттағы жүргізілген саясатты орыс емес халықтардың тілдік - мәдени ассимиляция тұрғысында қолдануды ұсынады. Сонымен қатар ресейлік ұлттық саясатта «русификация» XIX ғасырдың ортасына дейін болмағанын атап өтті: «Целенаправленная культурно-языковая политика русификации обозначилась только с 1860 г.; но и тогда она не оформилась во всеохватывающую концепцию, которая могла бы совершенно вытеснить наднациональную основную модель» [11, 138-б].

М. Раева (Raeff M) әлеуметтік және мәдени орыстандыру жергілікті элитаға қосымша мүмкіндіктер мен мансаптық өсуді берілгендігін атайды. Патшалық ұлттық саясатта «психологиялық» қабылдауды шеттетіп, заңдық форма ескерілді. Орыстандыру және ассимиляция саясаты ұзақ уақыт бойында империядағы өмірдің ортақтығын қалыптастыруды көздеді. Ресей мемлекеті орыс емес халықтардың өмір салтын өзгеруі эволюциялық үдерісте жүзеге асыуында(көшпенділер отырықшыға айналып) империяның құрамында болуы оны тездетіп және қолайлы мүмкіндік береді деп қарастырылды. Бірақ ол дәстүрді, тілді, рухани құндылықтарды жоятынына көңіл бөлінбеді. Әлеуметтік орыстандыру саясаты билік құрылымынан басталып, әкімшілік құрылымды қамту арқылы жүзеге асты. Ұлттық бірегейліктің төмендігі империя

құрамындағы халықтардың мәдени орыстандыруға мүмкіндік туғызды. XIX ғасырдың екінші жартысындағы ұлттық сана-сезімінің өсуі империя ішіндегі ортақ өмір салтын ұсануына қарсылық таныта бастады. Империя болса орыстандыру саясатын үдете түсті. М. Раев Ресей империясының орыс емес халықтарға қатысты саясаты әлеуметтік және әкімшілік ассимиляцияның көрініс болды, XIX ғасырда мәдени орыстандыру мақсатының күшеюіде орын алды деген қорытындыға келді[12, 40 - б].

Ресей империясының саясатын зерттеудегі жаңа тұжырымдарда оның территориялық ұйымдасуы мәселесіне қатасыты туындады. Бір жағынан метрополия мен колония арасындағы айырмашылық азайып мемлекеттік бірігу елесі пайда болды. Екінші жағынан империя ішіндегі ұлттық, мәдени-тілдік ерекшелгі бойынша, діни және мемлекеттік дәстүрі бар территориялар бөлінуге ұмтылды[13, 265- б]. XIX — XX ғасыр басында Ресейде «ұлт» және «империя» түсінігі бөлінбейтін ұғымға айналды. Бұл байланыс империя ішіндегі орыс емес ұлттар колония ретінде метрополия халқы саналатын орыс ұлтына қарсы қойылмасада орыс мемлекетінің құрамына енді.

Мәдени, тілдік және діни үдерістердегі орыс емес ұлттарды тартудың екі жақты сипаты болды, орыстандыру саясаты және жергілікті ұлттық мәдениетті дамытуға, әкімшілік институттардың дамуына мүмкіндік берді[14, 17-б]. Ресейдің этнополитика саясатында орыстандыру бағытының басым болмағанын, оның орнына әкімшілік-территориялық мемлекеттік бірегейлікті қалыптастыруды көздеуі көптеген арнайы зерттеулерде айтылды[15].

Қазіргі таңдағы ресей тарихшыларының еңбектерінде көшпелі халықтардың империя құрамына енуін қауіпсіздік және өмірлік сұраныстан туындағанын алға тартады. Қазақтар өзге көшпелі халықтар сияқты Ресей империясының пассивті объектісі ретінде қарастырылады. Мұндай ұстаным басып алушылықтағы барлық империяларға тән. Бұл мәселені түсіндіруде егер ол аймақты біз басып аламғанда біздің өзімізге қауіп төнетіндігін басшылыққа алған. Жаңа жаулап алынған жерлерге жаңа шекара белгіленіп, енді осы шекараның қауіпсіздігі үшін тағы жаңа жерлерді басып алуын заңдылық ретінде қарайды. Мысалы тарихы В.Д. Пузанов осыған қатысты: «Военное столкновение России с окружающим миром являлось фактически конфликтом цивилизаций с присущей им разницей ментальности, ценностных установок. Без понимания важности задачи защиты Русского государства, которой исторически были подчинены многие вопросы политической, экономической и культурной жизни страны невозможно их адекватное понимание в историографии»-деген пікір білдіреді [16]. Ресей үшін оңтүстік шекараны қорғау және оның қауіпсіздігі көрші көшпелі халықтардың құрамына енуімен қатар қолданылады. XVI–XVIII ғасырларда орыс үкіметі өзінің бүкіл күшін бекіністер салуға, шекаралық шептер, әскерді ұйымдастыруға жұмсады. Жайықтың оң жағалауы XVII–XVIII ғасырлардағы сібірдегі шекараның ең осал тұсы болғандығын В.Д.Пузанов былай түсіндіреді, біріншіден мұнда 5

халықтың: башқұрт, қалмақ, қазақ, татар және орыс мүддесі қиылысуының оның әлсіздігі ретінде қарайды. Сонымен қатар оның стратегиялық маңызы да болды. Сібір әкімшілігі көшпелі халықтардың ішкерлеп еніп, азық-түлік қорын қолдануына тосқауыл қойып отырды. Оңтүстік Жайықтың көшпелі халықтарымен орыс халықының қарам-қатынасы әскери-әкімшілік құрылыстардың салынуы осы өңірдің шекарасын анықтауда, кейін колония ретінде қосуда басты фактор ретінде В.Д. Пузанов атап өтеді.

Өзге ресей тарихшылары өздерінің пікірлерінде ұлттық-патриоттық бағытты ұстанды. Мұнда Қазақстанды отар ретінде емес, өз еркімен қосылған, қазақ элитасы өз билігін және байлығын сақтап қалған өңір ретінде сиптталады. Кейбір жағдайда революцияға дейінгі тарихшылардың көзқарастарына қайта оралғанын байқауға болады. XVIII - XIX ғасыр басында Ресей империясы қазақ даласының архаикалық қоғамдық өміріне аса араласпауын шығыстанушылар С.Г. Кляшторный және Т.И. Султанов атап өтеді. Ресей өз саясатында қазақ даласының билеушілері арқылы ықпал етуді көздегенін дәйектейді. Олардың пікірінше нақты 1830 жылдардан бастап Ресей империясы қазақ даласын Орталық Азияны экспанциялаудағы плацдарм ретінде қарай бастады деп пайымдайды: «для того чтобы ввести российскую систему управления, нужно было заменить традиционные органы управления: ханскую власть, народное собрание (курултай) и суд биев новыми административными органами» [17, 302- б.]. Нәтижесінде барлық көшпелі халықтар Ресей империясының әкімшілік басқару жүйесіне енді.

Қазіргі таңдағы қазақстандық тарихшылардың ұсыныған тұжырымдары біз үшін өте маңызды. Оның ішінде Ресей саясатының нәтижесіндегі демографиялық өзгерістерге қатысты зерттеулер. XIX ғ- XX ғасыр аралығында Ресей империясы жүргізген қоныстандыру саясаты, миграциялық қозғалыстар қазақ даласындағы демографиялық балансқа өзгеріс әкелді [18]. Ресей империясы қоныстандыру саясатында славян халықтарының үлес салмағын арттыру мақсатын және қазақ халқын ассимиляциялау, оларға аз жер тілімін беріп егіншілікпен айналасуға мәжбүрлеп, кейін қоныстанушылардың жалдамалы жұмыскері немесе арзан жұмыс күші ретінде қолдануды көздеді. Ең бастысы қазақтардың дәстүрлі өмір сүру салты мен мәдениетінен ажыратуды мақсат тұтты. Бұл саясат XX ғасырдың Ресейдің азиялық шығысты отарлауда екпінді жүзеге асты. Ресей империясының саясатының негізгі аспектісін түсінуде О.Б. Наумовой, Г.Г. Косач, А.Ю. Быкова [19] еңбектері өте маңызды. Олар Ресей империясында білім алған қазақ зиялыларының (1731–1917 гг.) қалыптасуындағы ұлттық сана-сезімнің өсуі, империя құрамындағы халықтық ағаратушылық дамуы, қазақ облыстарының құқықтық интеграциясы және қазақ қоғамының трансформациясы, демографиялық өзгерістер, тұрмысы мен мәдениетіндегі өзгерістер туралы тұжырымдар жасаған.

Тарихшы Ж.Б. Құнадақбаева еңбегінде Ресей империясының отралау саястанын жан-жақты зерттеуде елдер арасындағы өзара қатынасын аймақтық

ұстаным тұрғысынан қару қажеттегін бағамдайды. Мұндай жағдайда тәуелділіктің түрлі формаларын анықтауға және үкіметтің әдістері мен нәтижелерін толық ашуға мүмкіндік алауға болады[20].

Қазақстандағы Ресейдің отарлау саясатын түсіндіруде зерттеушілер жан-жақты талдау қажеттігіне көңіл бөлді. Соңғы жылдары Ресей империясының көшпелі халықтармен қатынасы әлеуметтік-мәдени ұстаным бағытында зерттеу басым болып отыр. Мәдени талдау түрлі әлеуметтік-гуманитарлық сала мамандарының бұл мәселені зерттеуіне жол ашты. Ресей империясын қоғам ретінде жүйелі түрде зерттеудің әлеуметтік-мәдени аспектісінің механизмін қалыптастырған зерттеуші А.С. Ахиезер [21] болды. Автор жаңа әлеуметтік-мәдени үдерістерді зерттеудің жаңа бағытында тарихи оқиғаның мазмұнын түсіну үшін сол кезеңдегі адамдардың іс-әрекеті мен түсінігін басты назарға алуын ұсынады.

А.С. Ахиезер әлеуметтік-мәдени тұжырымы бойынша қоғамдық субъектіден басқа, яғни адам нақты мәдениеттің тасушы және әлеуметтік қатынастарды белгілеуші деп сипаттайды. Бұл бағыттағы зерттеулер әлеуметтану, экономика, философия, мәдениеттану қамтитын болды. Социумның өзіндік бірегейлігі мен оның мәдени ошаққа қатысты өзгеруі мен қатынасы тұрғысындағы зерттеулерде пікірлер айтылды.

XX ғасырдың соңынан бастап өткенді жүйелі түрде зерттеу басым бола басталды. Ғылыми айналымға мәдени күнделікті тұрмыс, мәдени-тарихи парадигма, мәдениеттегі әлеуметтік динамика, сана-сезім құндылықтарының қоғамның дамуына қатысты зерттеудегі көзқарастарға жол ашты.[22].

Тарихтағы әлеуметтік-мәдени үдерістердің зерттелуі және оған қатысты түсініктердің қалыптасуында қоғамның кез-келген тарихи кезеңіндегі ортақ «діл (менталитет)» ұғымының енуі үлкен серпіліс әкелді[23]. Бұл ұғым қоғамдағы құбылыстарды түсінуге және оның ерекшелігін сипаттауға тиісті көптеген мәселенің айқындалуына мүмкіндік берді. Бұл осы тақырыпты жаңа бағытта зерттеуге жол ашты.

Осы жағдай трихшы зерттеушілерді бұл мәселені зерттеуде ментальді өлшемде қарастыруды көдеді. Әлеуметтік-мәдени зерде әлеуметтік тәртіп пен қоғамдық әлеуметтік мәселеге енген сайын халықтық сипатқа ие болады. Әлеуметтік зерде тарихтың атаулы оқиғаларын, ұрпақтардың өмірлік тәжірибесін сақтайтын және жалғастыратын басты тәсілді қолдануға ерекше мән береді. Ол барды икемдеп, болатынды болжап қана қоймайды, сондай-ақ, топтасқан, бірлескен ортаның рухани күш-қуатын ашып беруге бағытталады. Қазақ елінің тарихи, әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қалыптасуы көп сатылы, оның өркениеттік баламасы, кезеңдері әрқалай. Тарихтың әр кезеңінде, елдік кеңістіктің алуан өңірінде ұлыстық және ұлттық құндылықтардың айналымы бұрын-соңды үзілмеді, жалғасын тапты. Осы орайда менталитет тарихы да жаңа зерттеу бағытына айналады.

Менталитет ұғымы жоғарыда көрсетілген қоғамның рухани салаларының ауыр жүгін көтеруі мүмкін, бірақ менталитетті тілге немесе мәдениет пен әдебиетке мүлдем сайып қылуға, немесе мәдениет пен әдебиеттің қоғамда орындайтын қызметтерін менталитетке арта салуға әсте болмайды. Бұл біріншіден. Екіншіден, олардың әрқайсысының өзіндік қызметі бар екенін де естен шығармағанымыз абзал. Оның үстіне мәдениет менталитет ұғымының негізін қалайды, оған өзіндік әсер етеді, менталитеттің қалыптасу ортасы болып табылады. Олай болса мәдениет ұғымының ауқымы, мазмұны менталитетке қарағанда әлде қайда күрделі және терең. Менталитет негізінде өткен ұрпақтың дүниені қабылдау дағдылары, құндылықтар туралы ойлау ерекшеліктері жатады және оны жұрттың бәрі сезе білмейді дейді. Сонымен бірге менталитеттің ішкі құрылымы, қоғамдағы әлеуметтік ортаның өзгеруіне қарағанда әлде қайда консервативті. Қоғамдық қатынастар жиі өзгеріп жатқанда менталитеттің өзгеруі өте ұзақта, ықтималды тұрақты процесс. Басқаша айтқанда менталитеттің өзгеру негіздерін әлеуметтік тарихи ортадан, мәдени үрдістерден іздеу керек деген.

Қазіргі зерттеушілер бұл ұғымды қолдануда тарихи-мәдени және әлеуметтік-мәдени ұстанымдарды біріктіреді. Менталитет ұғымын қоғамдық және өркениеттік құрылымдарды тарихи үдерсітегі тарихи таным әдісі ретінде де қолданылып жүр. Осыған орай Ресей құрамында болған көшпелі халықтардың металитет тарихын зерттеуде өте маңызды тарихи тұстар ашлады. Бұл тұста «менталитет» термині емес «ментальность» жиі қолданылады. Бұл терминдердің айырмашылығы менталитет ортақ адами тұрғыда болса ментальность тарихи кезеңнің шеңберіндегі әлеуметтік ортаның түсінігін береді.

Осы тұрғыда Ресей империясының құрамындағы халықтардың діни ұстанымдарын зерттеу қажеттігі туындайды. Оның ішінде көшпелі халықтардың менталитетін баса назарға алған жөн. Қазіргі таңда Ресей түрлі діни ұстанымдардағы халықтардың өзара байланысы мен келсімін қалай шеше білгендігін анақтауда қажет.

Ресей империясының сол тарихи кезеңдегі халықтарының тағдыры қалай шешілді, олардың рухани құндылықтары мен ұлттық сана-сезімінің деңгейін зерттеу керек. Ресейдің басым аймақтарында мұсылмандар басым болды, сонымен қатар католиктер, буддистердің тұруы империялық әкімшіліктен басқару формасының түрленуіне және үнемі өзгеріске ұшырауын қамтамасыз етуі тиіс еді. Осы жағдайда мемлекеттегі аймақтардың спецификасын ескеріп ортақ ресейлік басқару жүйесіне ену жолдарын іздестіруге ұмтылған.

Жаңа кезеңде танымал зерттеуші Д.А. Аманжолова ұлтатар арасындағы өзара қатынас тұрғысынан зерттейді. Отандық тарихнамадағы ұлтаралық қатынастар өте бір күрделі мәселе болды[24, 8 б].

Ресей империясының әскери-әкімшілігінің жергілікті басқаруға қатысты екі жақты бағытты ұстанды. Біріншіден жергілікті басқаруға демократиялық

институттарды енгізуді көздесе, екіншіден қалыптасқан дәстүрлі басқару жүйенің бұзылуы мен ыдырауына әкелді.

Осылайша Ресей империясының көшпелі халықтары ортақ ресейлік азаматтық заңға және исламдық құндылықтарды сақтап ене бастады. Көшпелілердің сеніміне қатысты толық бостандық сақталды, бірақ ресей провинцияларында таратуға рұқсат берілмеді. Ресейдің басқару әкімшілігімен ислам діни басқармасының арасында өзара келіспеушіліктер де туындап тұрды.

Ресей үкіметі орыс емес халықтарды ассимиляция жасау саясатын ұстанды, оларға қатысты «инродцы» түсінігі қолданылды. Бұл термин XIX ғасырда қалыптасып орыс емес ұлттарды анықтауда экспансия ұшыраған жергілікті шығыс халықтарына қатысты қолданылды. Бұл термин Ресей империясының ашық отарлау саясатының көрінісі болды. Құрамына қосқан жаңа жерлердегі халықтарды Ресей империясының мүддесіне қызмет жасату және ортақ ресейлік өркениетке қосуды көздеген саясат орын алды. Соңғы жылдардағы Ресейдің тарихының идеологиясын, мәдениетін және дінін зерттеуде империялық сананың орын алуын көрсетті. Империялық идея әлеуметтік-мәдени жиынтық ретінде зерттеулерде қарастырылды.

Гуманитарлық ғылым саласындағы зерттеушілер Батыс пен Шығыс мәдени ықпалдастықты Ресей империясының тарихи дамуымен жиі байланыстырады.

Біз қарастырған тарихнамалық талдау Ресей империясының көшпелі халықтарға қатысты жүргізген саясатының отарлық сипаты айқын көрініс тапты. Әкімшілік институттар мен орталық билікті механизмдерін шекаралық аймақтарға таралауын нақты көруге болады. Сонымен қатар, Ресей империясына «құқықтық плюрализм» тән болды. Ұлттық саясат империяның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді көздеді, бұл империяның ішкі жағынан қайшылықтарға әкелді. Орыстандыру және ассимиляция ортақ өмір салтына көшудегі тұрақтылықтың кепілі ретінде қарастырылды. Империяның аймақтарын басқарудағы, оның ішінде көшпелі халықтарға қатысты қиындықтар туындады. Бүгінгі таңда институтты-басқару, әлеуметтік-мәдени, демографиялық тұжырымдар бұл бағыттағы зерттеулердің қажеттігін нақты көрсетіп отыр.

Қазіргі таңда қазақ қоғамын отаршылдық ықпалымен мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендету, мемлекеттік деңгейде ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды қайтару, сананы отарсыздандырып, ұлттық тарихи сананы қалыптастырудағы Ресей империясы тұсындағы қазақ халқының ахуалын түрлі бағыттағы зерттеудің маңызын ашады.

Қолданылған деректер мен әдебиеттер тізімі:

1. Ерасов В.С. Выбор России в евразийском пространстве // Цивилизации и культуры. Вып. 1. М., 1994.
2. Филиппова Т., Олейников Д. Теоремы империи // Неизбежность империи. М., 1996. С. 98.
3. Каппелер А. Россия - многонациональная империя: Возникновение. История. Распад. / Пер. с нем.: С.М. Червонная. М, 1997.
4. Суни Р. Империя как она есть: имперская Россия, «национальное» самосознание и теории империи // *Ab imperio*. – 2001. – № 1-2.
5. Hosking G. Russia. People and empire. London, 1997.
6. Becker S. Russia and the concept of empire // *Ab imperio* (Казань). 2000. № 1.;
7. Imperial Russia: New Histories for the Empire. J. Burbank, D. Ransel (Eds.). Bloomington. 1998.
8. Burbank J. Revisioning imperial Russia: Conference report // *Slavic review*. – 1993. Vol.52. – № 3.
9. Rieber A. From reform to empire: Russia's "new" political history // *Kritika* (Bloomington). – 2001. Vol. 2. – № 2.
10. Dowler W. The politics of language in non-Russian elementary schools in the Eastern empire, 1865-1914 // *Russian review*. 1995. Vol. 54. № 4. P. 516-538.
11. Каппелер А. Мазепинцы, малороссы, хохлы: украинцы в этнической иерархии Российской империи // Россия — Украина: история взаимоотношений. М., 1997.
12. Raeff M. Patterns of Russian imperial policy toward the nationalities // *Soviet nationality problems* / Ed. By E. Allwarth. New York, 1971.
13. Бахтурина А.Ю. Российская государственность и российская этнополитика // Исторические исследования в России – II: Семь лет спустя. Под ред. Г.А. Бордюгова. М., 2003
14. Казань, Москва, Петербург: Российская империя под взглядом из разных углов. Сб. статей. М., 1997.
15. Тагиров И.Р. Очерки истории Татарстана и татарского народа. Казань, 1999; Сеницына К.Р. История Татарстана и татарского народа (вторая половина XVI – XVIII вв.). Казань, 2000 и др.
16. Пузанов В.Д. Военно-административная система России в Южном Зауралье (конец XVI – начало XIX века). Автореферат дисс. канд. историч. наук. Курган, 1999.
17. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы евразийских степей. Древность и Средневековье. СПб., 2004.
18. Козыбаев М.К., Козыбаев И.М. История Казахстана. Алма-Ата, 1993.; Е.Ж.Валиханов. К вопросу о колонизации Казахстана в XIX веке. 2000.
19. Наумова О.Б. Казахская диаспора в России: этническое самосознание и миграционное поведение // *Этнографическое обозрение*. – 2000. №3; Косач Г.Г.

Казахский «образованный класс» в Российской империи // Казахстан и Россия: общество и государство. М., 2004; Быков А.Ю. Российская правительственная политика в степных областях и трансформация традиционного казахского общества (1731 – 1917 гг.). Автореферат дисс. докт. ист. наук. СПб., 2005

20. Кундакбаева Ж. Проблема политика России в Казахстане в XVII - XIX вв. в отечественной историографии // Вестник КазГУ. Сер. историческая. 2003. № 1.

21. Ахиезер А.С. Россия: критика исторического опыта. (социокультурный словарь). - М., - 1991. – 61 с.

22. Социокультурная методология анализа российского общества. Заседание №4. История как феномен культуры. // Рубежи. – 1996. №9.

23. Лурье С.В. Культурная антропология в России и на Западе: концептуальные различия. // Общественные науки и современность. – 1997. №2.

24. Аманжолова Д.А. Историография изучения национальной политики // Исторические исследования в России. Тенденции последних лет. - М., - 1996.